

Сарқан ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар мен пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы

Алматы облысы Сарқан аудандық мәслихатының 2020 жылғы 18 қыркүйектегі № 87-338 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылды 28 қыркүйекте № 5673 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабы 2-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес, Сарқан аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, олардың шекті толу нормалары және де материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес;

2) Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Заңның 9-бабы 5-тармағына сәйкес пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары кемінде 800 метр арақашықтықта айқындалсын.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Жетісу облысы Сарқан аудандық мәслихатының 30.01.2024 № 19-81 шешімімен (алғашқы реесми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Алматы облысы Сарқан аудандық мәслихатының "Сарқан ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" 2016 жылғы 20 сәуірдегі № 2-7 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3833 тіркелген, 2016 жылдың 01 маусымында "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Сарқан аудандық мәслихатының "Депутаттар өкілеттігі, заңдылық, заң тәртібін сактау, әлеуметтік саясат, жастар және қоғамдық ұйымдармен байланыс жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап құшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сарқан аудандық мәслихатының*

*сессия төрағасы*

*Сарқан аудандық мәслихатының*

*хатшысы*

*C. Елжубаева*

*K. Абдрахманов*

Сарқан аудандық мәслихатының 2020

жылғы 18 қыркүйектегі № 87-338

шешіміне 1-қосымша

**Бейбіт жиналыстарды үйімдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, олардың шекті толу нормалары және материалдық-техникалық және үйімдастыруышылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

№	Елді мекен	Б е й б і т жиналыстарды үйімдастыру және өткізу үшін арнайы орындар	Шекті толу нормалары	Материалдық-техни- калық және үйімдастыруышылы- қ қамтамасыз етуге қойылатын талаптар
1	Сарқан қаласы	"Сарқан ауданы Әкімінің аудандық Мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының алдындағы алаң, Чепрасова көшесі, 18	200 адам	- жарықтандыру; - электр қуат көзіне қосылу нұктесімен қамтамасыз ету; - бейнебақылау және бейнетүсірілім камерасымен қамтамасыз ету.
2	Сарқан қаласы	Шеру мен демонстрация маршруты - "Женіс" саябағынан Чепрасова көшесінің бойымен "Сарқан ауданы Әкімінің аудандық Мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының алдындағы аланға дейін	100 адам	- маршрут бойындағы көшениң жарығы бар; - бейнебақылау және бейнетүсірілім камерасымен қамтамасыз ету.

Сарқан аудандық мәслихатының 2020

жылғы 18 қыркүйектегі № 87-338

шешіміне 2-қосымша

**Бейбіт жиналыстарды үйімдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі**

Осы бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі Заңның 8-бабына сәйкес әзірленді және бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін айқындаиды.

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар – Сарқан ауданының жергілікті өкілді органы бейбіт жиналыстар өткізу үшін айқындаған жалпыға ортақ пайдаланылатын орындар немесе жүргүлшебелдеу маршруты.

Бейбіт жиналыстарды өткізуге арнайы орындарда - сипатына қарай бейбіт, күш қолданылмайтын және қарууланбайтын, мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, халықтың имандылығын, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделеріне қатер төндірмейтін болып табылатын, Қазақстан Республикасының азаматтары жиналыс, митинг пен демонстрация, шеру мен пикеттеу нысанында өткізетін жария іс-шара.

Заңды бұза отырып, жиналыс, митинг, демонстрация, шеру және пикеттеу өткізуге тыйым салынады.

Төтенше, соғыс жағдайы немесе терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі енгізілген кезде олардың қолданылу кезеңінде бейбіт жиналыстар өткізуге "Төтенше жағдай туралы", "Соғыс жағдайы туралы" және "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тыйым салынуы немесе шектеу қойылуы мүмкін.

Бейбіт жиналыстарды бейбіт жиналыстар өткізілетін күні әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті уақыты бойынша сағат 9-дан ерте бастауга және сағат 20-дан кеш аяқтауға болмайды.

Бейбіт жиналыстар өткізу үшін арнайы орындарды пайдаланған кезде ұйымдастырушылар және қатысушылар Заңның 5 және 6-баптарының талаптарын сақтау қажет.